

1 Дәріс. ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЙНАР БҰЛАҚТАРЫ

Қазақ философиясы пәні және оның болмысы

Дәрістің мақсаты: студенттерге қазақ философиясы және оның қалыптасу жолдары туралы мәлімет беру. Философия мен фалсафанының айырмашылығын көрсету. Қазақ философиясының қайнар бұлақтары болып саналатын аңыз, ертегі, қиссалардың алатын орнын анықтау.

Қазақ философиясы пәнінің міндеті – студенттерді философиялық білімнің тарихи-философиялық үрдісімен, қазақ философиясының негізгі теориялық мәселелерімен таныстыру, әр түрлі танымдық стратегиялардың негізінде студенттердің бойына өзіндік көзқарастарды, азаматтық ұстанымдарын және ұлтаралық келісіммен ұштастырылған азаматтық сананы қалыптастыру.

Қоғамдық қажеттіліктерді философия қанағаттандыра ала ма? Философия пән ретінде жоғары білім беру жүйесіне неліктен енген? Басқа мамандықтағы студенттерге философияны оқудың қажеттілігі бар ма? – деген сияқты сан алуан сұрақтар ара тұра кездесіп тұрады. Осы сұрақтарға жауап ретінде XVIII ғасырда француз ойшылы Рене Декарт «Жабайы мен варварлардан бізді тек қана философия өзгешелендіреді және әр халықтың азаматтығы мен білімділігі жоғарылаған сайын, олардың философиямен шұғылдануы арта түседі» – деген екен. Антика заманында гректер де философиямен шұғылдандуды жоғары мәртебе санап, оны білімділік, өркениеттілік, қисынды сыйлау және адамшылықтың қайнар көзі деп түсінген.

Хакім Абай алтыншы қарасөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп,

«ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» – сөзі еске түседі. Яғни, адамның қанында білмегенді білу, дүниені тануға деген құлшыныс бар. Жанның құмары біздің рухани әлемімізді құрайды. Ал, жанның табиғаты – білу, оқу, тану, көру.

Философияның пайда болуына да алғашқы түрткі болған сұрақ өмірдің мәнін қалай табуға болады, мен кіммін, менің өмірімдегі мақсат, мұратым не деген сұрақтар әр заманда адамзатқа тыныштық бермеген. Өмірлік өзектілігі бар өткір сұрақтарға жауап іздеу – біз айтып отырған философия ғылымының басты міндеті. Адамның санасындағы осындай әлсіз, тылсым күштер философияны дүниеге әкелген. Өмірдің өзі өте нәзік, күрделі жүйе. Алдын-ала болжау да мүмкін емес. Атам қазақ оны «тағдыр» деп бір сөзбен түйе салған.

Осыған байланысты ғылымда фатализм деген бағыт бар. Ол бағыт бойынша адамның әр іс-әрекеті, өмір жолы алдын-ала шешіліп қойған деген тұжырым. Қазақ халқы тағдырға мойынұсынуға жақын елміз. Жақсылық көрсек те, жамандыққа душар болсақ та, бұл менің тағдырым, солай болуы тиіс деп өзімізді жұбатуды жөн санаймыз. Жолымыз болмаса немесе ойдағы арман, мақсат, жоспарымыз іске аспаса да сыртқы күшке ысыра салуды кейде әдетке айналдырған елміз. Адамда ерік жоқ, бәрі Алланың қалауымен болады дегенді көп естиміз. Кедей болып, ақша жетіспесе де, ауырып мүгедек болып қалса да басыма түскен тағдыр осы болған шығар деп өзімізді өзіміз жұбату бар. Сондай-ақ, тағдырың өз қолыңда, адам өз өмірін өз қалауынша жасай алады деген сөздерді де жиі естиміз. Ал, сіз тағдыр деген ұғымды қалай түсінесіз?

Философия саласында волюнтаризм деген бағыт бар. Бұл бағыт бойынша адамның тағдыры адамның өз қалауы мен еркіндігінде дейтін тұжырым. Яғни, адамның қалауы мүмкіндігінше ерікті болуы тиіс. Философияда рационализмге қарсы бағыт ретінде олар, ең алдымен, ерікті бастапқы субстанция деп таниды.

Волюнтаризм идеясын алғаш рет философ, теолог Әулие Августин енгізген болатын. Оның түсінігінде барлық нәрселердің

бастапқы себебі құдайдың еркінде. Христиан дінінде Құдайдың еркі болмаса, адамның басынан бір тал шаш түспейді немесе құдайсыз қурай да сынбайды деген тұжырымға тоқтайды. Одан әрі волюнтаризм идеясын неміс философы Артур Шопенгауэр дамытып, ерік ұғымына мән береді. Ерік бастапқы және ақыл-ойды басқарады деген болатын Шопенгауэр. Иә, волюнтаризм өз ішінде теологиялық, метафизикалық, гносеологиялық, саяси деп бөлінеді.

1.1. Фәлсафа және философия

Ағылшын ғалымы Карен Армстронгтың әйгілі «Құдайтану баяны» еңбегінде «Мұсылмандардың жаңа типі – фалсафа деп аталатын идеалдың өкілдері пайда болды. Әдетте бұл түсінікті «философия» деп аударарды, алайда мұның мазмұны әлдеқайда кеңірек әрі терең. XVIII ғасырдағы француз философтары секілді, файласуфтар (арабшадағы дұрыс формасы, көпше түрі: «фаласифа») әлемдегі жалпы заңдылықтарға сай рационалды өмір сүруге тырысты. Олардың ойынша, мұны ақиқаттың әр сатысынан айқын көруге болады. Алғашқыда файласуфтар жаратылыстану ғылымдарына ден қойды, соңынан, әрине, грек метафизикасына бет бұрып, оның идеяларын исламмен байланыстыруға тырысты. Файласуфтар Құрандағы Алла мен грек философтарының Құдайының бір екеніне күмәнданбады. Грек христиандары да эллинизммен ұқсастықты сезетін, бірақ кейіннен антика философтарының Құдайын парадоксалды Інжіл Құдайына жақындату керек деп есептеді. Уақыт өте келе, олар философиялық дәстүрлерінен бас тартқаны мәлім. Құдайдың мәніне жетуде логика пайдалы бола алмайды деп шешті. Файласуфтар бұған қарама-қарсы қорытындыға келді. Олардың ойынша, рационализм – діннің ең ғажап формасы. Сондықтан олар Киелі кітапта айтылған Құдай идеясынан да, биік идея қалыптастырды» (Армстронг К. *Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны.* – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры, 2018 жыл. – 432 бет).

Бұл еңбек «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен қазақ тіліне аударылған. Жаратушы туралы, әлемдік діндер Жаратушы ұғымын қалай түсінеді, осы діндер арасындағы байланыстар туралы ғалымдар

үшін қызықты деректерді оқуға болады. Бұл кітап әлемнің 45 тіліне аударылған. Осы идеяны одан әрі қозғап, зерттеулер жүргізген академик Ғарифолла Есімнің «фәлсафа» ұғымына қатысты ойлары философтар қауымында пікір талас туғызды.

Философия – христиандық дүниетаным, ал фәлсафа – араб-мұсылмандық, түркілік дүниетаным деген қорытынды жасап, фәлсафа дінмен, сеніммен үндестікте деген тұжырым жасайды. Философияда осындай еркін ой мен сыни ойлаудың болуы дұрыс деп санаймыз. Дегенмен, ойланатын тақырып. Дәстүрлі қазақ қоғамында отандық тарихшы, әдебиеттанушы, мәдениет қайраткерлері өздерінің шығармаларында философиядан гөрі, пәлсапа ұғымын кеңірек қолданады.

Көпшіліктің философия пәніне қатысты сыны, қазіргі философияның өткен шақпен ғана оқытылатындығы. Сол себептен де бүгінгі философия, осы шақ, дәл қазіргі уақытпен, бүгінгі өзекті тақырыптармен тығыз байланыста болуы керек деген пікірлерін айтуда.

Жаһандану мен ақпараттық заманда ұлттық болмысымыздың бірегейлігін сақтау өзекті мәселе. Өткен тарихымызға көз жүгіртіп, ұлттық құндылықтарымызды, философиялық ойлау жүйемізді ұмытпай, одан әрі терең зерттеуде әлі де көптеген ғылыми еңбектер, оқу құралдары жазылуы тиіс. Қазақ философиясының қалыптасуы ұзақ жылдар бойы өсіп-өркендеу жолында. Дегенмен, әр халықтың өзіндік, өзгеге ұқсамайтын ойлау жүйесі, философиясы болатындығы белгілі. Олай болса, қазақ философиясының ерекшеліктерін атап көрсек:

Біріншіден, қазақ халқының рухани мұрасының қайнар бұлағы – мәдениеті мен озық ойлы ғұлама-ойшылдарының бай шығармаларында екендігі анық. Сондай тарихи тұлғалар мен олардың еңбектеріндегі құндылықтарды шашып алмай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу өзекті мәселе. Сол себептен де қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің өзектілігі күннен-күнге артуда. Көптеген ғұлама, ойшыл-ақындар, жыраулар мен ұлт зиялыларының шығармалары тәуелсіздік алған жылдардан кейін ғана жаңа қырынан зерттеле бастады. Сондай зерттеулер ұлттық ой санамызды байытып қана қоймай, тарихи санамызды жаңғыртуға септігін тигізуде.

Екіншіден, егеменді ел болғалы қазақ философиясы жаңа қырынан таныла бастады. Ұлттық философиямыз тарихи және жаңашылдық тұрғыдан зерттеліне бастағандығы қуантады. Дегенмен, осы уақыт аралығында қазақ философиясына қатысты біршама қомақты еңбектер баспадан шығып, ғылыми зерттеулер, мақалалар жазылып, диссертациялар қорғалды. Керісінше, ұлттық кодымызды сақтауда қазақ даласындағы озық ойлы тұлғалар, ойшылдардың дүниеге көзқарасын қайта сараптап, терең зерттеу нысанына айналдыру оқулықтың құндылығын арттыра түседі.

Үшіншіден, қандай да бір ойшылдың еңбектеріне сараптама жасаған кезде сол дәуірдің көзқарасын, ұстанымдарын, құндылықтарын ескерген жөн. Ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды да ұмытпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жауапты іс.

Төртіншіден, қазақ философиясының тарихын зерттеу егемендік алған жылдардан қолға алына бастағаны белгілі. Қазақ ұлтының ерекше қасиеті мен қабілетіне сай әр бағыттағы мектептер қалыптаса бастады.

Бесіншіден, ұлттық философияның негізінде – ертегілер жатыр. Ертегі дегеніміз – ерте замандарда болған оқиға желісі, арман-мұраты, ұлттың ойлау мәдениеті, өмір сүру салты, қиялға құрылған дүниетанымы. Ертегіні ертегі етіп, оқырманды ынталандырып тұрған оның идеясы. Бала дүниені ертегі арқылы қабылдайды. Ертегі – мәдени-философиялық феномен десе де болады. Ертегі жас жеткіншектің қиялын қанаттандырып, арманының асқақ болуына септігін тигізеді. Ертегі бар жерде, мейірімділік, ізгілік орын алады.

Әжесінің етегіне оралып өскен әрбір баланың ертегіге құмар келетіні ертеден белгілі. Ойын баласының кірпігі ілінгенше қадағалап отыратын апалардың тәтті әңгімесінен бұғанасы енді қатып келе жатқан бал тілді бүлдіршіндер рухани ләззат алатындығы анық. Оның үстіне ежелден ертегімен өсіріп, тәрбиелеген, қиялын дамытып, арманын асқақ етуге мән берген халқымыз ертегіні әдебиеттің әліппесі деп те қабылдайды.

Айталық, көпшілікке белгілі «Аяз би» ертегісіне тоқталсақ:

Өте ертеден келе жатқан «Аяз би» дейтін ертегі бар. Желісі мынадай: көне заманда Мадан деген хан болыпты. Ол қырық уәзіріне жер бетіндегі жаман адамды табындар дейді. Уәзірлер «ең жаман адам мынау» деп біреуді алып келеді. Бірақ ол адам «жаман» болмай

шығады. Оның керемет сыншылық қабілеті бар екен. Хан Жаманды шақырып алып, сұрайды:

– Ей, Жаман, мені сынашы, неше атамнан бері ханмын? – дейді.

Жаман:

– Тақсыр, хандық тек қара басыңда, дейді.

– Қате айттың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді былай қойғанда алты атамды қайда жібересің? – деп зекиді хан. Жаман саспайды.

– Жоқ, тақсыр! Сіз нағыз наубайшының баласысыз, дейді.

Хан не дерін білмей, туған анасын алдырып, шындықты айтуын талап етеді. Анасы оның шын мәнінде ханның ұлы емес екенін, өзіне дейінгі 10 әйелді Зәрлі хан кілең қыз туғаны үшін жарып өлтіргендігін, содан құрсағына қыз біткенін білген ол өзімен бір мезгілде ұл көтерген наубайшының әйелімен жасырын келісіп, нәрестелерді алмастырып алғанын айтады. Бұл сөзді естіген хан:

– Япырмай, менің наубайшының баласы екенімді қайдан білдің? – дейді. Сонда Жаман:

– Мен жаман-жақсы болсам да үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан түсіп, мені аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің хан тұқымынан емес екеніңізді содан байқадым – дейді.

Бұл ертегіден шығатын тұжырым, ол әр адам өзінің шыққан жерін, ортасын ұмытпау қажеттігін түсінуге болады. Кейде кейбір замандастарымыздың қолына билік тигенде өзгеріп салатындығында айтып жүреді.

Қазақ халқының тарихында тағы бір үлкен сала, өнер философиясының бір бағыты ол – ескерткіштер.

Ескерткіш мейлі сурет болсын, ғимарат болсын ол – адамның қолтаңбасы, шығармашылық ізденісінің нәтижесі. Ұрпаққа қалдырған хаты немесе белгісі. Осы ескерткіштер арқылы біз, бізге дейінгі өмір жолдарын, ой-армандарын ұғынамыз және сол армандарды орындауға тырысамыз.

Ескерткіш – халықтың өткен өмірінің, дүниетанымының мәңгілікке қалған бір белгісі. Ескерткіш ешқашан бекерден бекер қойылмайды, яғни әрбір мұраға қалдырылған ескерткіштің өзіне тән бір шежіресі бар екені анық. Сонымен қатар, ескерткіш орнатылған жердің өзі маңызды мәнге ие болуы тиіс. Жартастағы суреттер мен петроглифтер де сол замандағы дүниетанымның бір көрінісі. Орхон өзені бойынан табылған

Күлтегін ескерткішіндегі руна жазбаларының өзіндік сыры мен жұмбағы бар.

«Қазақ өзінің мифологиялық көзқарасында аңыздар мен ертегілерді, жырлар мен өлеңдерді жайдан-жай тудыра салмаған. Халық осы туындыларды белгілі бір мақсатта пайдаланды. Мұндағы ең басты мәселе, бұл аңыздар мен жырлардың басты міндеті – бесіктегі сәбиден бастап, жер бесікке дейін тақап қалған қарияларға арналған тәрбиелік мәні бар идеяда жатыр. Өйткені, адам көріп, қажымай-талмай еңбек етумен ғана шектелмей, әрбір сөздің, ойдың мән-мағынасын түсінуге ұмтылған» (*Қазақ рухының философиясы. Оқу құралы. Қарағанды, 2003.-240/15 бет*)

Қазақ халқының тарихында Патшалық отарлауға дейін Қазақ медреселерінде ғұламалар, қожалар жас ұрпаққа «Қисса сұл-әнбия» он екі пәннің бірі ретінде оқытылған екен. Кәдімгідей, қиссашылдық дәстүр қалыптасқан. Қисса – адамның, жан-жануар, құстар, өсімдіктердің жаратылуы туралы дүниетанымдық ізденістерінен туған. Әр қиссаның мән-маңызымен қатар, қасиеті де жоғары. Алғашқы Адам Ата мен Хауа Анамыз, адам ғұмыры, Пайғамдарлар туралы және басқа да толып жатқан қиссаларды тыңдап өскен ұрпақтың білім көкжиегі кең болған.

Елімізге белгілі ғалым Алма Қыраубаева «Қисса – Қазақ ренессансының қайнары» деп баға берген екен. Ондай қиссаларды көпшілік зор ықыласпен қарап, дүниетанымдарын кеңейтуде. Сол себептен де қиссалар мен аңыз-әңгімелер қазақ философиясының қайнар бұлағында тұратын дүниелер.

«Ел арасында сақталған мифтерде көшпелі өмір салтына негізделген көріністердің жалпы дүниеге, оның ішінде аспан денелерінің қасиеттері мен қимыл-қозғалысына да телінетіні табиғи жағдай. Көшіп-қонған ел, төрт түлік мал, оны ит-құстан, ұры-қарыдан қорғау (Жетіқарақшы, Ақбозат, Көкбозат, Арқан жұлдыздары), жылдың әр мезгілінде әр түрлі өзгешеліктерімен көрінетін аңдар мен жан-жануарлар, қосақтап сауған қойлар, түнгі бақташының жөн сілтер, мезгілді анықтар бағдары (Темірқазық, Шолпан, Есекқырған, Сүмбіле, Құс жолы), ауа-райының, жыл маусымының малға жайлы-жайсыздығын болжау, міне, бұлардың бәрі де дала тіршілігінің мифтік ұғымдарға астасып жатқан көріністері екені даусыз» (*Ш.Ыбыраев. Қазақтың мифтік әңгімелері. Ғылым баспасы, 2002. – 320 бет*).

«Қасиетті, киелі деп есептеген немесе ежелгі арутамдар (святылище) орналасқан алқап, тау, орман, тоғай, өсіп тұрған жеке ағаш немесе топ ағаш, құдық, бұлақ, үңгір, әулиенің бейіті, әулиенің мүрдесі, мешіт немесе кез келген діни ғимарат, ғибадатхана, т.б. жатады. Осылардың барлығы да Ілкі Төрдің жергілікті күлдіктері (эманациялары) болып табылады. Бұларды әдетте «киелі кіндік» (сакральный центр), «энергетикалық кіндік» (энергетический центр) деп те атай береді», – деп сакральды нысандарды дөп тауып көрсеткен» (Қондыбай С. *Арғықазақ мифологиясы. 1 кітап. – Алматы: Арыс баспасы, 2008*)

Қондыбайдың «Төретам», «Арутам» ұғымдары қазақ дүниетанымында кездесетін ұғымдар. Осы ұғымдардың қасиетін ашудағы еңбегі зор деп білген жөн. Сонымен қатар, қазақ халқының қасиетті жерлері мен жер, су, петроглифтер, қазақ мифтеріндегі түсініктердің философиясын ашып, сұхбаттар беріп жүрген мәдениеттанушы Зира Наурызбаеваның еңбектерін де атап өткен жөн.

Қазақ философиясы туралы сөз болғанда, ең алдымен, осындай аңыз, әңгімелер, қисса, дастандар туралы дәрістің болуы сабақты одан әрі қызықты қыла түсетіндігіне сенімдімін.

Карен Армстронг «Құдайтану баяны» деген еңбегінде «Әбу Насыр әл-Фараби – нағыз фәлсафаның негізін қалаушы» – дейді. «Фәлсафаны осы кісіден бастауымыз керек» – дейді академик Ғарифолла Есім. Бұл жерде философия мен фәлсафаның екі түрлі ұғым екендігі туралы ғылыми мақалалары жарыққа шығып, ғылыми қауымдастықта дискурс туғызды.

Академик Ғарифолла Есім «Егемен Қазақстан» газетінде «Пәлсапа – бекзат сана» атты мақала жариялады. Онда «Тағы да сол философия туралы аңыз айтушылар Пифагор заманынан (570-490) бергі де ойлаудың біршама түрін философия деп атауды дәстүрге енгізсе керек. Біз күні бүгінге дейін философия пәнін осылай түсіндірудеміз. Ол замандарда ойлаудың өзге түрлері де болған. Олардың негізгілері: скептицизм, агностицизм, софистика, гностицизм, стоицизм, метафизика. Бергін келе, схоластика деген мектеп қалыптасты. Әл-Кинди, әл-Фараби заманында фәлсафа деген бекзат сана қалыптасты. Философия туралы дәріс оқығанымызда философияда екі үлкен бағыт болды дедік. Олар материализм және идеализм. Онымыз түбірімен қате екен. Мұндай қателесуді негіз деп, ілімге айналдырған Карл Маркс, Фридрих Энгельс, әсіресе Владимир Ленин болатын. Материализм

деген Беркли заманында (1685-1753) қолданысқа енген ұғым» – дейді. Бұл мақала қазіргі таңда философтар қауымы арасында кеңінен талқылануда.